

Еркіншілік ауылы

«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша мектепшілік ата-аналар жиналысы.

Мерзімі: 03 наурыз 2023 жыл

Қатысты: 318

Басталды : 18.00-21.00

Күн тәртібінде:

1. «Егер мен білсем...» жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың статистикасы. (Учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Ерик Жолдасұлы Исенов)
2. Алкогольге, темекіге және есірткіге тәуелділіктің алдын алудағы отбасының рөлі. (Мектеп медбикесі Жаба Акерке)
3. Әр күнге арналған қауіпсіздік. (ЖҚЕ. Өрт қауіпсіздігінің алдын алу) (АӘД пәнінің мұғалімі Каримжан К)

Тыңдалды: бірінші сұрақ бойынша «Егер мен білсем...» жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың статистикасы. учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Ерик Жолдасұлы Исенов

Қазіргі таңда қоғамның алдында тұрған басты мәселелердің бірі – кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыстың, құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу оның алдын алу болып табылады.

Статистикаға жүгінсек қоғамдық тәртіпті бұзатын, құқық бұзушылықты, қылмысты жасайтын, сондай-ақ ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған жасөспірім балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шыққанын көрсетеді. Алайда, кейбір ата-аналардың өз балаларының тағдырына алаңдаушылық танытпай, олардың үйден және мектептен тыс бос уақыттарында немен айналысып, шұғылданып жүргендерін бақыламауларынан, қадағаламауынан орын алатын жағдайлар да кездеседі. Яғни, ата-аналар мен оқу орындары тарапынан тиісті бақылаудың болмауы да құқық бұзушылыққа, қылмысқа итермелейтін факторлар болып табылады.

Әсіресе, жасөспірім құқық бұзушылық пен қылмысты ішімдік және есірткі, психотроптық заттардың әсерінен жасайтындар көптеп кездесетіні де құпия емес. Мәселен, түнгі ойын-сауық орындарында жасөспірімдер алкогольдік ішімдіктің түрлісін ішіп, есірткі, психотроптық заттарды қолдану әсерінен әр-түрлі құқық бұзушылыққа, қылмысқа баратын жағдайлар жиі кездеседі, өйткені ішімдік пен есірткі, өз кезегінде, оларды қылмыс жасауға итермелейді, ықпал етеді.

Елімізде кәмелетке толмаған жасөспірімнің ата-анасының бақылауынсыз түнгі уақытта тұрғынжайдан тыс жерде жүруінің өзі әкімшілік құқық бұзушылыққа жатады, ол үшін тіпті әкімшілік жаза да қарастырылған. Мәселен, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 442-бабына сәйкес, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін ойын-сауық мекемелерінде болуы – заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін болуы – заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады.

Осы көрсетілген әкімшілік жазалар қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – заңды өкілдеріне жеті айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғатынын ескеру қажет.

Алайда, жоғарыда айтылған ережелерді жасөспірімдердің барлығы бірдей сақтай бермейді. Сол себептен кей жағдайларда, ата-анасының бақылауы жеткіліксіз болу салдарынан жасөспірімдер тұрғынжайдан тыс жерге кетіп, әр-қилы құқық бұзушылықтар мен қылмысқа барады.

Мәселен, Жамбыл облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына 2023 жылдың 9 айында 67 тұлғаға қатысты 48 қылмыстық іс келіп түскен. Оның басым көпшілігі 188-бабымен (ұрлық), 188-1-бабымен (мал ұрлау), 122-бабымен (он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау), 191-бабымен (тонау) бойынша сипатталған.

Өкінішке орай кәмелетке толмаған кейбір жасөспірімдер қылмыс пен құқық бұзушылықтың арты неге әкеліп соғатынына аса мән бере қоймайды, түсінбейді, жеткілікті ұқпайды. Сол себептен, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмысын ерте кезеңде алдын алудың және оны болдырмаудың негізгі құралы ретінде әрбір отбасында ата-ананың балаларына дұрыс тәрбие беруі, жүріс-тұрысына күнделікті бақылау жүргізуі, өсіп келе жатқан жасөспіріммен жақын және ашық түрде сөйлесіп, оның айналасындағы достары мен таныстары туралы хабардар болуы қажет деген ойдамын.

Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу

Шешім: Ата-аналар мен мұғалімдер тарапынан кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылығын алдын алу мақсатында бақылауды күшейту.

1. **Тыңдалды:** екінші сұрақ бойынша «Алкогольге, темекіге және есірткіге тәуелділіктің алдын алудағы отбасының рөлі» мектеп медбикесі Жаба Ақерке

Темекі шегу, ішімдік ішу, нашақорлық зиянды әдеттерінен аулақ болыңыз!

Тамақсыз бірнеше апта, сусыз – бірнеше күн, ал ауасыз – бірнеше секунд қана өмір сүруге болады. Дәл осы ауаның экологиялық жағынан қатты ластанғанын ескерсек, өкпеге баратын ауаның қаншалықты кір екендігін елестетіп көріңізші... Ал шылым шегетін адамның өкпесіне тарайтын түтіннің әсері одан да сорақы екені хақ.

Шылым шегудің ағзаға тигізетін пайдасы жайлы қандай деректеріңіз бар? Бұл сұраққа бірде бір жағымды жауап таппайсыз. Ал керісінше, оның зияны туралы бірқатар дәлелдерді келтіруге болады.

Шылым, көпшілік ойлағандай, суықта жылытпайды, мидың жұмысына серпіліс әкелмейді. Керісінше, адамды ұзаққа созылатын тәуелділікке душар етеді. Әсер ету күші жағынан ішімдік пен есірткіден әлсіздеу болса да, тигізетін зияны асып артылады десек те қате болмас. Өйткені темекі түтіні адамның барлық мүшелеріне, әсіресе тыныс жолдарына қауіпті әсер етеді. Қазіргі таңда ауаның құрамында оттегінің кемуіне және көміртегінің артуына қатысты (оған темекі түтіні мен автомобиль газын қосыңыз) мәселені есепке алсақ, тыныс жолдарын зақымдайтын аурулардың артқандығы жайлы белгілі болды.

Соның ішінде созылмалы обструктивті өкпе аурулары – нақты бір ауру емес, бұл өкпеге келіп тұратын ауа ағымының шектелуіне алып келетін созылмалы өкпе аурулары үшін қолданылатын жалпылама термин. Бұл темекі шегушінің жай жөтелі емес, жеткілікті түрде диагноз қойылмайтын, өмірге қауіп төндіретін өкпе ауруы. СОӨА негізгі белгілері ентікпе немесе ауа жетіспеушілік сезімі, қақырықтың көп бөлінуі және созылмалы жөтел болып табылады.

Мәселенің түп төркініне үңілетін болсақ, темекі тартатын адамдардың қандай да бір шешілмеген ішкі сыры бар. Ол көп жағдайда стресстен туындайды. Шешімі табылмаған немесе ұзақ уақыт бойы адамды сары уайымға салдыратын мәселелердің нәтижесінде тәттілерді жеу, ішімдік ішу, темекі тарту сияқты жағымсыз әдеттерге жол беріледі. Бірақ шындығында, бұл іс-әрекет өмір шындығынан алыстауға және тәуелділіктің пайда болуына әкеп соқтырады.

Темекі шегетіндер көптеген қиындықтарға тап болады. Біріншіден, шылым шегуші темекіге деген тәуелділіктен өз бетінше арыла алмайды. Екіншіден, одан құтылу үшін көптеген қаржы жұмсау қажеттілігі артады. Үшіншіден, аз-аздан зақымдалған ағзаға біртіндеп көптеген аурулар «қоныстай» бастайды. Кейін олардың темекі шегетін ата-анадан балаға «көшетінін» тағы бір есептеп қойыңыз. Оның үстіне темекі түтіні шылым шегушінің ғана емес, оның жанындағы адамдардың да денсаулығына зиян тигізетінін қосыңыз. Сонда бір

темекінің бір адамның емес, қоғамның денін құртатынына көз жеткізуге болады. Қазіргі кезде хош иісті ауаны ыдыстарға енгізіп, қызықтырған адамдарға сату мәселесі де қолға алынды. Сондықтан темекі түтіні мен жұпар иісті, мықты денсаулықты және тұлғалық тәуелсіздікті таразылап өлшеп көріңізші. Қай жағы ауыр тартады? Қай жақта өмір сүрген ыңғайлы әрі пайдалы? Бір мезет ойланып, салауатты өмір салтына аяқ басыңыз. Сонда, сіз соңғы темекіңізді тастаған соң:

— 20 минуттан кейін қан қысымы мен тамырдың соғуы тұрақталып, қалыпқа келеді. Қан айналымы, аяқ пен қол температурасы жақсарады.

— 8 сағаттан кейін темекі шегуден бас тартқан соң, қандағы көміртегі тотығының деңгейі төмендеп, оттегі деңгейі айтарлықтай арта түседі.

— 24 сағаттан соң қандағы көміртегі тотығы толығымен қалпына келеді. Содан соң өкпеден жағымсыз әдетпен әуестенген уақыт бойы жиналған сілемей мен бөгде уытты заттектер шығарылып, тыныс алу әлде қайда оңайырақ болады. Темекі шегу кезінде зақымдалған жүйке талшықтары қайта қалпына келе бастайды.

ІШІМДІКТІҢ АЛДЫН АЛУ

Ішімдік – бұл спирттік сусындарды ішуге физикалық және психикалық әуестігі бар күрделі ауру. Әртүрлі жастағы ер және әйел адамдар, кей кезде жасөспірімдер мен балалар да ішімдіктің құрбаны болады.

Біздің қоғамымыздың міндеті адамдарды осы қауіптен қорғау, ішімдік салдары және оның дамуы туралы ақпараттың қол жетімдігі мен таралуына ықпал ету, дені сау адамдарға спирттік суысын ішудің қатерін түсіндіру, жаңадан ішуді бастап келе жатқан ішкіштерді тоқтату және науқастарға көмектесу. Бұл үшін қорғаныс факторларын нығайту (ішімдікті ішу жағдайлары) және қауіп факторларын төмендету бойынша профилактикалық іс-шараларды өткізу керек.

Қорғаныс факторлары:

Отбасындағы амандық, отбасы мүшелерінің берекелігі, өнегелі тәрбие, отбасындағы конфликттердің болмауы;

Жоғары интеллект деңгейі, физикалық және психикалық денсаулық, күйзелістерге деген төзімділік;

Молшылық, баспанамен қамтамасыздануы;

Үнемі медициналық бақылау;

Тұратын мекендегі қылмыстықтың төмен деңгейі;

Өзін-өзі жоғары бағалау, туындаған проблемаларды тиімді шешу қабілеті, қыспаққа шыдамдылығы, эмоциясын және өзінің жүріс-тұрысын бақылауда ұстай білу;

Қоғамдық нормаларды сақтау.

Қауіп факторлары:

Индивидтің психикалық және физикалық денсаулық проблемалары;

Ішкіш ата-анадан туылған және олардан тәрбие алған балалар;

Ішімдікті үнемі пайдаланатындармен сөйлесуі және құрдастарының қыспағына қарсы тұра алмауы;

Жеке бас қасиеттері (төмен интеллект, өзін-өзі төмен бағалауы, көңіл-күйінің ауыспалылығы, өз-өзіне сенімсіздігі, әлеуметтік нормаларды, құндылықтар және жүріс-тұрыс т.б. ұстануды қаламауы);

Жыныстық қатынасқа ерте түсу;

Отбасында жиі болатын конфликттер, отбасындағы төмен табыс;

Мектептегі төмен үлгерімі, оқығысы келмеуі;

Туыстармен, құрдастармен сөйлесу кездегі проблемалары.

Адам өмірінде әртүрлі оқиғалар, жағдайлар болады, оларға әртүрлі уақытта қорғаныс және қауіп факторлары ықпал етуі мүмкін.

Ішімдіктің алдын алу спирттік сусынға деген негативтік қатынасты қалыптастыруға бағытталған. Осындай өмір салтын ұстанған адамның ішімдікке құмартуы соқпайды.

Ішімдік туындауын алдын алу шаралар тоқтатады. Алдын алу жұмысы әңгімелесу, семинарлар өткізу, тыңдаушыға ішімдіктің салдары мен қауіптілігі, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік туралы ықпал етудің басқа формаларымен түсіндіріп, жеткізу.

Адам санасында ішімдіктің проблемаларды шешу құралы еместігі туралы түсінік қалыптасу керек. Спирттік сусындарды ішуші тұлғаларға психологиялық қолдау, медициналық және

әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Ішімдік тек бір адамның өзіне ғана емес, оның отбасы мүшелеріне, жалпы қоғамға кесірін тигізеді. Қорытындылай келе айтпағымыз, сендіру және қорқытуға қарағанда салауатты өмір салтын қалыптастыру ішімдіктен сақтанудың ең тиімді жолы.

НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Нашақорлық көптеген қайғылы оқиғалардың, адам өлімінің себепшісі. Ата-ана махаббаты және материалдық қамдану бала бақытының қалтқысыз болуына жеткіліксіз.

Балаңыздың жүріс-тұрысын бақылаңыз! Нашақорлық бірнеше сағатта пайда болмайды, ол бір ай, не болмаса бірнеше ай көлемінде немесе оны үнемі қолданудың алдында дамиды. Дәл осы кезден бастап сіз балаңыздың жүріс-тұрысындағы өзгерістерді байқауыңыз мүмкін. Балаңыз әлі де болса науқас болып үлгермегендіктен, онымен терең түрде ашық әңгімелесу жеткілікті болуы мүмкін. Егер де сіз осы сәттен айрылып қалсаңыз, есірткіні қолдану үлкен дертке айналады.

Егер балаңыз есірткімен қатынасы болса, есірткіні қолданудың алғашқы белгілері туралы ақпарат арқылы сіз балаңызға дәл уақытында көмек көрсете аласыз.

Балаңыздың араласып жүрген ортасын білсеңіз де, оған үнемі бақылау жасап отырыңыз, оның есірткі қолданатындығын байқататын күмәнді белгілері:

Баланың тұйықтана түсуі (ата-анасымен қатынасы бұзылмаса да). Баланың «қыдырысы» көбейе түседі, үйден ерте кетіп, кеш келуі, үй тапсырмасын орындауға аз уақыт жұмсауы немесе үйдегілермен уақытты өткізбеуі;

Бала кеш жатып, таңертең төсектен тұрғысы келмеуі;

Оқуға ынтасы, қызығушылығы, хоббиі жоғалып, сабақтарға бармауы байқалады;

Оқу үлгерімі төмендейді;

Қаржы мәселелері туындап, ақша сұрауды жиілете түседі (егер үйдегі құнды заттар, ақша жоғала бастаса, бұл өте ойланатын жағдай!);

Балаңызда жаңадан күмәнді жолдастар пайда болады (алғашында балаңыз жақсы киінген, жақсы болып көрінетін нашақормен кездеседі) немесе бұрынғы жолдастарының жүріс-тұрыстары күмән тудыра бастайды;

Балаңызбен сыбырласып сөйлесетін болады, оқшауланып, түсініксіз сөздер айтады;

Бала көңіл-күйі әп-сәтте өзгеріп отырады, дау-дамайда селқостық танытса, тыныш кездегі жағдайда ашушандық білдіретін болады;

Бала қолдарының тамырынан ине салған орындарды көруге болады.

Мамандардың айтуынша, ата-ана еш ұялмастан бала сөзіндегі және қимылындағы түсініксіз және мазалайтын жайттарды ашық түрде сұрауы керек. Ата-ана «Адамда құпия болады ғой...» және «бәрінде осылай болады емес пе» деген тұжырымдармен өзін алдамауы керек.

Есірткі мектептерде, түнгі клубтарда және т.б. жерлерде сатылады, өкінішке орай балаңыздың есірткіге соқтығуы әбден мүмкін.

Егер балаңыздан кептірілген шөп, шприцтерді, ұнтақ затты, түрлі-түсті таблеткаларды байқасаңыз, балаңыздың сіздің алдыңызда ақталғанын тыңдамаңыз. Бәрі де айдан анық.

Айғай-шу, дау-дамайдың еш көмегі жоқ. Бұл қауіпке әділ қарап, шындап кірісу керек.

Нашақорлық көптеген қайғылы оқиғалардың, адам өлімінің себепшісі. Ата-ана махаббаты және материалдық қамдану бала бақытының қалтқысыз болуына жеткіліксіз.

Балаңыздың жүріс-тұрысын бақылаңыз! Нашақорлық бірнеше сағатта пайда болмайды, ол бір ай, не болмаса бірнеше ай көлемінде немесе оны үнемі қолданудың алдында дамиды. Дәл осы кезден бастап сіз балаңыздың жүріс-тұрысындағы өзгерістерді байқауыңыз мүмкін. Балаңыз әлі де болса науқас болып үлгермегендіктен, онымен терең түрде ашық әңгімелесу жеткілікті болуы мүмкін. Егер де сіз осы сәттен айрылып қалсаңыз, есірткіні қолдану үлкен дертке айналады.

Егер балаңыз есірткімен қатынасы болса, есірткіні қолданудың алғашқы белгілері туралы ақпарат арқылы сіз балаңызға дәл уақытында көмек көрсете аласыз.

Балаңыздың араласып жүрген ортасын білсеңіз де, оған үнемі бақылау жасап отырыңыз, оның есірткі қолданатындығын байқататын күмәнді белгілері:

Баланың тұйықтана түсуі (ата-анасымен қатынасы бұзылмаса да). Баланың «қыдырысы» көбейе түседі, үйден ерте кетіп, кеш келуі, үй тапсырмасын орындауға аз уақыт жұмсауы немесе үйдегілермен уақытты өткізбеуі;

Бала кеш жатып, таңертең төсектен тұрғысы келмеуі;

Оқуға ынтасы, қызығушылығы, хоббиі жоғалып, сабақтарға бармауы байқалады;

Оқу үлгерімі төмендейді;

Қаржы мәселелері туындап, ақша сұрауды жиілете түседі (егер үйдегі құнды заттар, ақша жоғала бастаса, бұл өте ойланатын жағдай!);

Балаңызда жаңадан күмәнді жолдастар пайда болады (алғашында балаңыз жақсы киінген, жақсы болып көрінетін нашакормен кездеседі) немесе бұрынғы жолдастарының жүріс-тұрыстары күмән тудыра бастайды;

Балаңызбен сыбырласып сөйлесетін болады, оқшауланып, түсініксіз сөздер айтады;

Бала көңіл-күйі әп-сәтте өзгеріп отырады, дау-дамайда селқостық танытса, тыныш кездегі жағдайда ашушаңдық білдіретін болады;

Бала қолдарының тамырынан ине салған орындарды көруге болады.

Мамандардың айтуынша, ата-ана еш ұялмастан бала сөзіндегі және қимылындағы түсініксіз және мазалайтын жайттарды ашық түрде сұрауы керек. Ата-ана «Адамда құпия болады ғой...» және «бәрінде осылай болады емес пе» деген тұжырымдармен өзін алдамауы керек.

Есірткі мектептерде, түнгі клубтарда және т.б. жерлерде сатылады, өкінішке орай балаңыздың есірткіге соқтығуы әбден мүмкін.

Егер балаңыздан кептірілген шөп, шприцтерді, ұнтақ затты, түрлі-түсті таблеткаларды байқасаңыз, балаңыздың сіздің алдыңызда ақталғанын тыңдамаңыз. Бәрі де айдан анық.

Айғай-шу, дау-дамайдың еш көмегі жоқ. Бұл қауіпке әділ қарап, шындап кірісу керек.

Қабылданған қаулы. Хабарды мәліметке алу

Шешім: Шылым шегудің алдын алу мақсатында қатаң бақылауға алу

Тыңдалды: үшінші сұрақ бойынша «Әр күнге арналған қауіпсіздік». (ЖҚЕ. Әрт қауіпсіздігінің алдын алу) АӘД пәнінің мұғалімі Каримжан К

Абайлаңдар балалар!


Жолда жүру ережесін білеміз бе?

Мақсаты: оқушылардың жол ережесі туралы білімін кеңейту, жол белгілерін, олардың топтарын ажырата білуге үйрету; - жол ережесін қатаң сақтауға дағдыландыра отырып, көше ережесіне байланысты ұғымдар мен терминдерді білу адам өмірі үшін қажеттілігін түсіндіру, қызығушылығын дамыту;

- жолда жүру мәдениетіне, жол ережелерін бұлжытпай орындауға, сақтыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке, өзара достыққа тәрбиелеу.

Балалар, жол деген не?

«Жол» деген сөздің өзі көлік құралдары мен жүргіншілер қозғалатын аумақ ұғымын қамтиды. Бұл қалалар мен елді мекендер, олардан тыс жерлердегі жолдар, көшелер мен бұрылыстар. Жол көліктер мен жаяу жүргіншілерге арналған деп екіге бөлінеді.






Біздер жақсы баламыз.
Ості ақыл санамыз.
Қонақтармен ең алаш.
Амандасып аламыз.

Үйде жалғыз болған
кездегі қауіпсіздік
ережелерін сақта



Мектеп ережесі



Үзілістегі тәртіп:

- сабақ кестесіне сәйкес оқушылардың өзге сыныпқа ауысу;
- оқушылардың демалуы мен физикалық жаттығуы үшін мектеп
- дәлізінде асықпай жүру;
- тамақтану;
- қажет болған жағдайда қоңырау шалу;
- мектеп кітапханасына бару.

СЫНЫПТАҒЫ ТӨРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

Суреттерге қара. Партада қалай дұрыс отыру керектігін көрсетілген.

ДҰРЫС ЕМЕС



ДҰРЫС



Қай бөлім үстінде жұмыс істейтіндігі оны мұқият білгеніңіз жөн, өйтпесе қателіктер болуы мүмкін.



Партада отырғанда екі иықты бірдей биіктікте, арқаны тік ұстап отыру керек. Сол қолмен жазу.

1. Сөөктөрдү кыдырау согулмай туруп ерте ир.
2. Сабак бастарда партада сол сабыңды гана кармагы оку куралдарың болуш тиш.



3. Ақпараттың таралымын түрлендіріңіз.



35

1. Ёгер еск айданда ерлсч адамнен кездесч калсан, не ктеу керек?




2. Ёгер жанында кыз болс депе жатса, онда ур бала не ктеу керек?



Егер есін алдында әрсең адаммен жездесің қалсаң,
оған нұсқа беру керек.



Уд баян кыз баянға мөжәһүдәт берүге нәдәттә.



Шешім: Хабарды мәліметке ала отырып, оқушылардың демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздігіне ата-аналар жауапты



Ата-аналар комитетінің төрайымы:
Ата-аналар жиналысының хатшысы:
Мектеп директоры:

Мархаш Н
Мырзахан К
Исатаева Б.Г.

Chit
My
My